

ХАТТАМА

жалпы жиналыс отырысы

Түркістан қаласы

2021 жылғы 09 қыркүйек

Өткізілген орны: Түркістан қаласы

Жиналыстың өткізу уақыты:

басталған уақыты: 16 сағат 00 минут

аяқталған уақыты: 16 сағат 40 минут

Жиналысқа Түркістан облысы заң кеңесшілерінің палатасының және Қызылорда облысы бойынша заң консультанттары палатасының мүшелері қатысты, жалпы қатысушылардың саны-150

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Түркістан облысы заң кеңесшілерінің палатасына Қызылорда облысы бойынша заң консультанттары палатасының қосылу жолымен қайта ұйымдастыру туралы
2. Түркістан облысы заң кеңесшілерінің палатасына Қызылорда облысы бойынша заң консультанттары палатасының қосылу жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты палатаның атауын өзгерту туралы
3. Түркістан облысы заң кеңесшілерінің палатасына Қызылорда облысы бойынша заң консультанттары палатасының қосылу жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты палатаның жаңа редакцияда Жарғысын бекіту туралы
4. Түркістан облысы заң кеңесшілерінің палатасына Қызылорда облысы бойынша заң консультанттары палатасының қосылу жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты палатаның төрағасын тағайындау
5. Палата мүшелерінің жаңа тізімін бекіту туралы
6. Палатаны Түркістан облысы әділет департаментіне тіркеуге өткізу туралы

Түркістан облысы заң кеңесшілерінің палатасының төрайымы А.Орақбаева күн тәртібін бекіту туралы ұсыныс жасады.

ДАУЫС БЕРІЛДІ: бірауыздан қабылданды

ШЕШІЛДІ: ұсынылған күн тәртібін бекітуге

Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша Түркістан облысы заң кеңесшілерінің палатасының төрайымы А.Орақбаева сөз сөйледі: 09.06.2021 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, палатаның мүшелік шарттарында кемінде 200 заң консультанттары болу туралы талап енгізілді.

Заң нормасына өзгеріс енуіне орай, Қызылорда облысы бойынша заң консультанттары палатасы басқару және бақылау органдарының қатысуымен 02.09.2021 жылы жалпы жиналыс өткізіп, жиналыс шешімі бойынша Қызылорда облысы бойынша заң консультанттары палатасы Түркістан облысы заң кеңесшілерінің палатасына қосылу арқылы, қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған. Осыған орай Қызылорда облысы бойынша заң консультанттары палатасын Түркістан облысы заң кеңесшілерінің палатасына қосу арқылы, қайта ұйымдастыруды ұсынамын.

Сонымен қатар, екінші сұрақ бойынша Қызылорда облысы бойынша заң консультанттары палатасы Түркістан облысы заң кеңесшілерінің палатасына қосылуына байланысты екі облысқа ортақ атау ретінде, палатаның атауын Түркістан-Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық заң консультанттары палатасы, - деп өзгертуді ұсынамын.

«Қолдаймын»-150, «Қолдамаймын-0, Қалыс қалғандар-0

Үшінші сұрақ бойынша жаңа редакциядағы Палатаның жарғысының мақсаттары мен қызмет мәні анықталып, жиналыста бекітілді.

Төртінші сұрақ бойынша Түркістан-Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық заң консультанттары палатасының төрайымы ретінде Оракбаева Айгуль Альхановнаның кандидатурасы қарастырылып, бір ауыздан дауыс берді. Палатаның төрайымы ретінде Оракбаева Айгуль Альхановна тағайындалды.

Бесінші сұрақ бойынша, Қызылорда облысы бойынша заң консультанттары палатасы Түркістан облысы заң кеңесшілерінің палатасына қосылу арқылы қайта ұйымдастырылуына байланысты палатаның мүшелерінің жаңа тізімі бекітілді.

Сонымен қатар, жалпы жиналыста Түркістан-Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық заң консультанттары палатасының заңды мекен-жайы бұрынғы мекен-жайы бойынша: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Жолбарыс Кенжебай көшесі, №42 үй болып қалдырылды.

Сондай-ақ, жалпы жиналыста Түркістан-Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық заң консультанттары палатасын Түркістан облысы әділет департаментіне мемлекеттік тіркеуге өткізу туралы шешім қабылданды.

Жалпы жиналыс шешім етті:

1. Қызылорда облысы бойынша заң консультанттары палатасын Түркістан облысы заң кеңесшілерінің палатасына қосу арқылы, қайта

ұйымдастырылсын, Қызылорда облысы бойынша заң консультанттары палатасы мен Түркістан облысы заң кеңесшілерінің палатасының араларында қабылдау-өткізу актісі жасалсын

2. Қызылорда облысы бойынша заң консультанттары палатасын Түркістан облысы заң кеңесшілерінің палатасына қосу арқылы қайта ұйымдастырылуына байланысты палатының атауы Түркістан-Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық заң консультанттары палатасы болып бекітілсін

3. Түркістан-Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық заң консультанттары палатасының жаңа редакцияда жарғысы бекітілсін

4. Түркістан-Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық заң консультанттарының палатасының төрайымы болып Оракбаева Айгуль Альхановна тағайындалсын, Оракбаева А.А. барлық финанстық, банктік және басқа да құжаттарға бірінші қол қою өкілеттігіне ие болсын

5. Түркістан-Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық заң консультанттары палатасының мүшелерінің жаңа тізімі бекітілсін

6. Қызылорда облысы бойынша заң консультанттары палатасын Түркістан облысы заң кеңесшілерінің палатасына қосу арқылы, қайта ұйымдастырылуына байланысты палатының атауы Түркістан-Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық заң консультанттары палатасы болып өзгеруіне байланысты мемлекеттік тіркеу үшін құжаттары Түркістан облысы Әділет департаментіне ХККО арқылы өтініш тапсырылсын.

Жиналыс төрайымы



[Handwritten signature]

А.Оракбаева

Жиналыс хатшысы:

[Handwritten signature]

П.Жандарбеков